



GUCCI

GUCCI –әйелдерге және ерлерге арналған иіссу және киімдер жасаумен айналысады





1921 жылы Gucci сән үйі Италиядағы Флоренция қаласында Guccio Gucci (1881-1953 жылдары) тарапынан құрылады. 1938 жылы компания сатылымдары көбейіп, 1938 жылы Рим қаласында бутигі ашылады. 1947 жылы Gucci - бауы бамбуктан жасалған сөмкелерді шығарып, осы сөмкелер қазіргі күнге дейін компанияның басты бренд өнімі ретінде әйгілі. Сонымен қатар 1950 жылдан бері компания берік жолақ маталар мен фирмалық күдері макасиаларды шығара бастайды. 1953 жылы компанияның басшысы Гучионың өлімінен кейін, оның баласы Альдо Гуччи Лондон, Париж және Нью-Йорк қалаларында бутиктер ашып, компанияның әлемдік атаққа қол жеткізуіне үлкен үлес қосады.


G U C C I

Компанияның құрылған күнінен бастап Гуччи отбасында келіспеушіліктер мен жанжалдар өрши түседі. Гуччи өлімінен кейін мұрагерлік құқық жайлы келіспеушіліктер, күнделікті butikтердегі жұмысты басқару мәселелері отбасы ішінде келенсіздіктер тудырады. 1960 жылдары Gucci компаниясы Қиыр Шығыс елдерінде: Гонконг, Токио және Кореяда бірнеше butikтерін ашады. Осы жылдары компания өзінің фирмалық логотипін GG (Гуччи Гуччи) ойлап тауып, Голливуд актрисасы Грейс Келли таққан Flora атаулы жібек бөкебайын, АҚШ президенті Джон Ф. Кеннедидің жұбайы Джеки Кеннеди үлгісін жасап шығарған Jackie O атаулы сөмкелерін сатылымға шығарады. 1970 жылдары сәндік бұйымдар шығаратын әлем бойынша бірінші орындағы бренд болып, бірақ та отбасы ішіндегі жанжалдар компанияның құлдырауына дейін алып келеді. Осы кезеңде компанияның 50% үлесі ағалы-інілі Альдо және Рудольф

1979 жылы Альдо Gucci Parfums парфюм шығаратын бөлімдегі сауданы жақсарту үшін Gucci Accessories Collection аксессуарлар топтамасын шығарады. Бұл топтамаға косметика заттарын салатын сөмке, шақпақ, қалам сияқты кішкентай аксессуарлар кіріп, каталогтағы басқа да аксессуарларға қарағанда төмен бағасымен ерекшеленді.

Альдо Гуччи компанияны кеңейту мақсатында жана жобалар дайындап, сән әлемінен басқа да нарықтарға аяқ басып, American Motors Corporation (АМС) компаниясымен келісім-шарт жасайды. 1972 жылы «Sportabout» фургонымен АМС Hornet автомобилі атақты дизайнердің көмегімен әшекейленген ең бірінші сәнді автомобил болды. Gucci автомобилінің іш жағы жасыл, қызыл, сарғыш текстуралармен көмкеріліп, дизайнерлік эмблемалармен толықтырылды. Автомобиль түсі де арнайы түрде дизайнердің жеке таңдауы болды.

Gucci Accessories Collection топтамасындағы аксессуарлар Parfums аксессуарларына қарағанда сатылымы жоғары болып, осы жағдай Гуччи династиясының құлдырауына себепкер болды.



1980 жылы жаңа басқару мен жаңа бағдар ұстанған Gucci компаниясы дүние жүзіне ең атақты және табысы мол сән үйлердің біріне айналады. 1995 жылы қазан айында компания әр қайсысы 22 доллар құндылығындағы акцияларын АЕХ және NYSE қор биржаларына шығарады. 1997 жылы атауы Gucci Timepieces болып өзгертілген Severin-Montres сағат шығаратын компанияны өз иелігіне алады.



GUCCI-дің Дүние жүзі бойынша 425 бутигі бар.



GUCCI Ең үздік әлемдік 100 бренд» тізімінде 46 орында



Назар аударғандарыңызға көп
рахмет!

GUSSII